

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ заңды
тұлға мемлекеттік қайта тіркелуден өткізілді
Апташқы тіркелген күні 2021 ж. 14. 02

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
произведена государственная перерегистрация
юридического лица 06. 10. 2021 г.
Дата перерегистрации 14. 02. 2021 г.
БСНБИН 1102 400 11 341

Алматы қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 10 қыркүйегі
№3/460 қаулысымен
бекітілді

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Фтизиопульмонология орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Фтизиопульмонология орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) денсаулық саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлғаның мәртебесіне ие, шаруашылық жүргізу құқығында мүлікке ие мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы ұйым болып табылады.

Кәсіпорын Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы №1/23 «Алматы қаласының коммуналдық меншігінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

2. Кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің қызметін Алматы қаласының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) жүзеге асырады.

3. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырушы орган Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы (бұдан әрі - Басқару органы) болып табылады.

4. Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы және Алматы қаласы әкімдігінің қаулылары, Алматы қаласы әкімінің шешімдері мен өкімдері және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның атауы:
мемлекеттік тілде: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Фтизиопульмонология орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр фтизиопульмонологии» Управления общественного здоровья города Алматы.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050030, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Дегдар көшесі, 45 үй.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап құрылған және заңды тұлға құқығына ие болып саналады.

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мен мәні тұрғындардың денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау болып табылады.

13. Кәсіпорын алға қойылған мақсатты халыққа жоғары білікті медициналық көмек көрсету болып табылады:

1) медициналық қызмет, қызметтің келесі түрлеріне сәйкес мынадай қызмет түрлерін қамтиды:

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық-емханалық көмек:

медициналық - санитариялық алғашқы көмек: дәрігерге дейінгі, білікті көмек;

консультациялық-диагностикалық көмек: ересектерге және (немесе) балаларға; акушерлік және гинекология, терапия, невропатология, анестезиология және реаниматология, фтизиатрия, урология, жалпы хирургия, оториноларингология, офтальмология, стоматология.

диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық;

клиникалық зертханалық диагностика: бактериологиялық зерттеулер, биохимиялық зерттеулер, иммунологиялық зерттеулер, жалпы клиникалық зерттеулер, серологиялық, цитологиялық зерттеулер.

2) Ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек және (немесе) стационарды алмастыратын көмек: акушерлік және гинекология, терапия, жалпы хирургия: торакалдық, трансфузиология, анестезиология және реаниматология, фтизиатрия.

стоматология, оториноларингология, урология, офтальмология, невропатология, пульмонология, жұкпалы аурулар, медициналық оңалту және калпына келтіру емі: физиотерапия, массаж, емдік дене шынықтыру; диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық; зертханалық диагностика: бактериологиялық зерттеулер, биохимиялық зерттеулер, иммунологиялық зерттеулер, жалпы клиникалық, серологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер.

3) еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы;

4) Кәсіпорынның қажеттілігі үшін есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында;

5) фармацевтикалық қызмет;

6) Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және кондырғылармен жұмыс істеу: жалпы мақсаттағы аспаптар мен кондырғыларды пайдалану: жалпы мақсаттағы медициналық рентген кондырғыларын; медициналық компьютерлік рентген томографтарын пайдалану.

14. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

15. Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметке сәйкес тиісті лицензиясы бар Кәсіпорын жүзеге асырады.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Басшының Кәсіпорынның жарғылық емес қызметін жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Құрылтайшы заңмен белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды орындайды:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Кәсіпорынның басшысы оның органы (бұдан әрі - Директор) болып табылады.

21. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Басқару органы Кәсіпорын директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

Еңбек шартында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген шарттардан басқа, таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны үшін Кәсіпорын директорының жауапкершілігі анықталған.

23. Кәсіпорын директоры қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуына дербес жауапкершілік береді.

24. Кәсіпорын директоры Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықпен күресті ұйымдастыруға дербес жауапкершілік береді.

25. Кәсіпорын директоры қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

Басшының ұсынысы бойынша Құрылтайшы қызметке тағайындайтын немесе қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы осы Жарғыда белгіленеді;

8) белгіленген еңбекақы қоры шеңберінде Кәсіпорын қызметкерлеріне (олардың орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерлерін қоспағанда) еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақыларының мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Басқару органыны кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) жеке жауапкершілік алады:

қаржылық-шаруашылық қызмет және Кәсіпорын мүлкінің қауіпсіздігіне;

таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уактылы аудармауға;

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

27. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалту басқарушысына өтеді.

5. Бақылау кеңесі бар Кәсіпорынды басқару

28. Кәсіпорында Құрылтайшының шешімі бойынша Кәсіпорынның органы - бақылау кеңесі құрылуы мүмкін.

29. Бақылау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

30. Бақылау кеңесін құру тәртібі, бақылау кеңесіне сайланған адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ бақылау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітіледі.

31. Бақылау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

32. Бақылау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Басқару органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) бақылау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Басқару органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) Басқару органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді.

12) атқарушы органға тағайындау үшін кандидаттарды сайлайды, сонымен қатар Кәсіпорынның атқарушы органының мүшесімен еңбек шартын бұзу туралы мәселені алдынала келіседі;

13) Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, қызмет мерзімін анықтайды, оның басшысын және мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, мөлшері мен шарттарын анықтайды ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу;

14) қаржылық есептілік аудиті бойынша аудиторлық ұйымның қызметтері үшін төлем мөлшерін анықтайды;

15) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымын бекітеді;

16) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Кәсіпорын немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтайды;

17) Заңда және (немесе) Кәсіпорынның жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Осы тармақта белгіленген бакылау кеңесінің өкілеттіктерін мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органына беруге жол берілмейді.

33. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Бакылау кеңесінің отырыстары қажеттілікке карай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

34. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Бакылау кеңесінің отырысын оның төрағасы Басқару органының, байқаушы кеңестің мүшесінің немесе Директордың өтініші бойынша өз бастамасы бойынша шақыра алады.

35. Мемлекеттік кәсіпорынның Бакылау кеңесінің отырысы, егер Бакылау кеңесінің барлық мүшелері оның өткізу уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырыска Бакылау кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі катысса құзыретті болады. Бакылау кеңесі мүшесінің өз дауысын бакылау кеңесінің баска мүшесіне немесе баска жеке тұлғаға беруіне (сенімхат бойынша) жол берілмейді.

36. Дауыс беру кезінде бакылау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның Бакылау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

37. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді және оған бакылау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

38. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

39. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

40. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлік тең;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (акшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

41. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

42. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

43. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

44. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

45. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

46. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

47. Кәсіпорын Құрылтайшының жазбаша келісімімен Басқару органының ұсынымы бойынша мыналарға құқылы:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

48. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

49. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі белгіленбесе, осы Жарғының 47 және 48 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

50. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

51. Кәсіпорынның таза кірісінің бір бөлігін ұстау мөлшерлемесін құрылтайшы белгілейді.

Белгіленген стандарттарға сәйкес Кәсіпорынның таза кірісінің бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуға жатады.

Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

52. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

53. Кәсіпорын өндіретін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағалар оларды өндіруге, оның қызметінің залалсыздығына және өз кірісі есебінен қаржыландыруға кеткен шығындардың толық өтелуін қамтамасыз етуі керек.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыс (қызмет) шеңберінде өндірілген тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын Кәсіпорын Құрылтайшымен келісім бойынша белгілейді.

Табиғи монополия субъектілеріне немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілеріне тиесілі Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығы негізінде өндіретін және сататын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағалары белгіленген жағдайларды ескере отырып белгіленеді. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы», «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының және табиғи монополиялар субъектілерінің немесе тиісті тауарларда үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің баға белгілеуін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптары.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы

55. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 3 484 061 031 (үш миллиард төрт жүз сексен төрт миллион алпыс бір мың отыз бір) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (Құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

56. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың Басқару органының және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі өзіне: бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

58. Бакылау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, директордың, тиісті саланың басқару органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

59. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

60. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың Басқару органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

61. Кәсіпорынның жалақы қорының мөлшерін жыл сайын Құрылтайшы белгілейді.

62. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

63. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

64. Кәсіпорының басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Құрылтайшы белгілейді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

65. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

66. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

67. Коммуналдық кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

68. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

69. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган осыған уәкілеттік береді.

Утвержден

постановлением акимата города Алматы

от 30 сентября 2021 года № 3/460

УСТАВ

коммунального государственного предприятия

на праве хозяйственного ведения

«Центр физиопульмонологии»

Управления общественного здоровья города Алматы

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр физиопульмонологии» Управления общественного здоровья города Алматы (далее - Предприятие), являясь организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной для осуществления деятельности в области здравоохранения, в организационно-правовой форме государственного предприятия, обладающего имуществом на праве хозяйственного ведения.

Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата города Алматы от 14 января 2011 года №1/23 «О некоторых вопросах коммунальной собственности города Алматы».

2. Функции субъекта права коммунальной собственности по отношению к Предприятию осуществляет акимат города Алматы (далее - Учредитель).

3. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Управление общественного здоровья города Алматы (далее-Орган управления).

4. Предприятие осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Кодексом Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», постановлениими акимата города Алматы, решениями и распоряжениями акима города Алматы и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

5. Наименование Предприятия:

на государственном языке: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Физиопульмонология орталығы» коммунальдық мемлекеттік кәсіпорны;

на русском языке: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр физиопульмонологии» Управления общественного здоровья города Алматы.

6. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 050030, город Алматы, Туркисбийский район, Делдар, дом 45.

2. Юридический статус Предприятия

7. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица со дня его государственной регистрации.
8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Грба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.
9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.
10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом и целью деятельности Предприятия является выполнение государственных территориальных программ по охране здоровья населения.
13. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

- 1) медицинская деятельность, согласно следующим под видам медицинской деятельности:
- амбулаторно-поликлиническая помощь взрослому и (или) детскому населению по специальностям:
- первично
- медико-санитарная
- помощь:
- доврачебная,

- консультативно-диагностическая медицинская помощь: взрослому и (или) детскому населению: акушерство и гинекология; терапия, невропатология, анестезиология и реаниматология, фтизиатрия, урология, хирургия общая: оториноларингология, офтальмология, стоматология.
- диагностика: рентгенологическая, ультразвуковая, функциональная, эндоскопическая;
- клиническая лабораторная диагностика: бактериологические, биохимические, иммунологические исследования: общеклинические, серологические, цитологические исследования;

- 2) стационарная медицинская помощь и (или) стационарозамещающая помощь взрослому населению по специальностям:

